

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 75 – 78

B.AbikeyevaEurasia University of Technology, Almaty
gulfar76@mail.ru**FACTORS WHICH SUPPORTED THE MOVEMENT
OF NOWADAYS' LETTERS INTO THE LATIN**

Abstract. In this article investigated how many letters of Russian language are used in the Kazakh language, borrowed words are not convenient for our language's feature, the unsuitability of the letters of Kazakh language in the internet set. And also investigated moving into latin letters.

By moving into latin letters, Kazakhstan could be in time of world's globalization. And also Kazakhstan could easily enter into the world's information space. In the impetuous globalization is known that informational and communicative technology stays in the first place, being exactly, internet, mobile phones, electronic computer, entirely computerization and another nowadays technology. Linguists are trying to make new Kazakh letters convenient on the ground of culturally- socially (restoring the huge mistakes in the way of writing words), linguistically (to offer an new graphical scheme to make them being easily to pronouns), economically (to increase the percentage of Kazakh language in the global informational system), politically (to reduce nation's narrowness in way of language), psychologically, historically, pedagogically, informational and their needs in this. In this article all this issues are analyzed.

Key words: world, information, technological, globalization, process, latin graphics, kazakh letters, sound features.

Б.Абикеева

Еуразия технологиялық университеті, ф.ғ.к., Алматы қаласы,

**ҚАЗІРГІ ӘЛІПБИДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУГЕ
ТҮРТКІ БОЛҒАН АСПЕКТІЛЕР**

Аннотация. Мақалада қазіргі жазудың орыс тілінің фонетикалық жүйесіне негізделгендігі, кірме сөздердің (орыс, шет тіл) төл тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес игерілмегендігі, қазақ әріптерінің интернет желісіне жарамсыздығы талданып, латын графикасына көшуге түрткі болған негізгі аспектілер зерттелген.

Қазақстан латын графикасына көшу арқылы бүкіләлемдік жаһандану үдерісінен қалыспай, әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін ене алады. Жаһандану үрдісінде ақпараттық және коммуникативтік технологиялар алдыңғы орында тұрғаны мәлім, яғни интернет, ұялы телефон, сандық технологиялар, электрондық қызмет, жаппай компьютерлендіру, т.б. Тілші ғалымдар латын графикасына көшуге мәдени-әлеуметтік (жазу тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді жаңа әліпби арқылы қалпына келтіру), лингвистикалық (тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну), экономикалық (әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру), саяси (тоқырап қалған ұлттық сананы ояту), психологиялық («кирил жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген сетереотиптен арылу), тарихи (түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану), педагогикалық (мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің 42 әріптен тұратын әліпби жүйесін меңгеруге ауырлығын ескеру), ақпараттық (әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу) жақтан қажет екендігін алға тартады. Мақалада осы мәселелер кеңірек талданған.

Тірек сөздер: бүкіләлемдік, ақпараттық, технологиялық, жаһандану, үдеріс, латын графикасы, қазақ әріптері, дыбыстық ерекшелік.

Кіріспе. Қазіргі әліпбидің орыс тілінің фонетикалық жүйесіне негізделуі, кірме сөздердің (орыс, шет тіл) төл тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес игерілмеуі, қазақ әріптерінің интернет желісіне жарамсыздығы, технологияның қарқынды дамуы нәтижесінде халықаралық ақпарат алысудың ұлғаюы, латын графикасымен жасалған бүкіләлемдік интернет желісінің қарқынды дамуы – латын әліпбиіне көшуімізге түрткі болып отырған негізгі аспектілер болып табылады. Қазақстан латын графикасына көшу арқылы бүкіләлемдік жаһандану үдерісінен қалыспай, әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін ене алады. Жаһандану үрдісінде ақпараттық және коммуникативтік технологиялар алдыңғы орында тұрғаны мәлім, яғни интернет, ұялы телефон, сандық технологиялар, электрондық қызмет, жаппай компьютерлендіру, т.б.

Қазіргі таңда түркі халықтарының бірқатары латын графикасына ресми түрде көшкені белгілі. Атап айтқанда, түріктер 1928 жылы, әзербайжандар 1991 жылы, өзбектер 1993 жылы, қарақалпақтар 1993 жылы, түркімендер 1993 жылы латын графикасын қабылдады. Дәл қазіргі таңда, қазақ жазуын латын графикасына көшіруге байланысты қоғамда әртүрлі пікірталастар орын алып отыр.

Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 29 (9 дауысты, 19 дауыссыз) бола тұра қазіргі әліпбидегі әріптердің санының 42 болуы ешбір лингвистикалық өлшемге сыймайтындығын атап көрсете отырып: «Әліпбидегі 13 әріп орыс тілінің орфографиясы бойынша жазылатын сөздерді таңбалау үшін кезінде өктем Орталықтың нұсқауымен алынған. Бұл әрине, сын көтермейтін жайт. Мұндай графикалық жүйемен қазақ тілінің жазбаша коммуникациялық өрісін кеңейте алмайсыз» [1, 174 б.], - деген құнды пікір білдіреді және латын графикасына көшуді талап ететін 8 факторды атайды: **мәдени-әлеуметтік** (жазу тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді жаңа әліпби арқылы қалпына келтіріп, ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалу), **лингвистикалық** (басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну), **экономикалық** (әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру үшін және алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелесе алу үшін латын графикасына көшу арқылы көштен қалмау), **саяси** (70 жылдан астам үстемдік құрған тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан болған елдің тоқырап қалған ұлттық санасын ояту), **психологиялық** («кирилл жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген сетереотиптен арылу), **тарихи** (түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану), **педагогикалық** (мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің 42 әріптен тұратын әліпби жүйесін меңгеруге ауырлығын ескеру), **ақпараттық** (компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын, әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу) [1, 173-174 бб.]. Сонымен қатар ғалым Н.Уәлиұлы мынадай лингвистикалық критерийлер негізінде ғана латын әліпбиі қабылдануы керек екендігін атап көрсетеді:

1. Әріптер саны тілдегі негізгі дыбыстардың (фонемалардың) санынан алшақ болмауы қажет;
2. Әріптер саны үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы керек;
3. Басы артық таңбалар болмауы керек;
4. Тек латын әліпбиінің әріптерін ғана пайдалану қажет (араб, кирилл жазу жүйесіне тән графикалық белгілер болмауы керек);
5. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу керек;
6. Әріпасты, әріпүсті таңбалар (диакритикалық белгілер) шектен тыс көп болмауы керек;
7. Латын әліпбиі қорындағы әріптерді мүмкіндігінше толық пайдалану, тек аса қажет болған жағдайда қалыптасқан стандартты таңбаларды пайдалану керек;
8. Қазақтың төл әріптерін әріп тіркесі немесе әріптің қосалқы таңба (диакритика) тіркесі сәйкестігімен ауыстыру қажет [2, 180 б.].

Зерттеу нәтижесі. Ғалым Н.Уәлиұлының латынға көшуді қажет етеді деп көрсеткен жоғарыдағы 8 факторы мен 8 критерийін өткеннен сабақ алып, тарихтан тәжірибе жинақтап барып, жазуымыздың жоғын түгендеп, қисығын түзетуге, әрі кирилл жазуы негізінде қалыптасқан психологиялық-педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық, мәдени-әлеуметтік және саяси кедергілерді жоюға бағытталған терең мәнді пікір деп бағалаймыз.

Жалпы латынға көшу идеясын алғаш көтерген академик Ә.Қайдар болды. Ғалым 1993 жылы осы мәселе жөнінде Президент Н.Назарбаевқа ашықхат жолдап, өз жобасын ұсынған болатын және ол «Кемел елге, кемел әліпби керек» деген тақырыппен «Ана тілі» газетіне басылып шықты. Бұл ұсыныс қоғамда қазақ жазуын реформалау керек пе жоқ па деген пікірталастар аясында өрбіп, мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналған еді. Осымен байланысты қоғамда екіұдай пікір қалыптасып «үмітшілдердің өз уәжі, күдікшілдердің өз уәжі» [3, 198 б.] орын алды. Тілші ғалымдар тарапынан латын әліпбиін қабылдау барысында ескеретін

негізгі жайттар мен әліпби құрамына қатысты ұсынған мықты жобалар жарыққа шықты. Мәселен, ҰҒА корреспондент мүшесі З.Базарбаева латын графикасы негізіндегі әліпбиді қазақ тілінің орфографиялық және фонологиялық заңдылықтарына бағындырып жасау қажеттілігін көтерді және шет тіл сөздерін латын әрпімен таңбалау жүйесін қалыптастыруда тек ғылыми-лингвистикалық аспектіге ғана сүйеніп қоймай, оның экстралингвистикалық, социоллингвистикалық қырларын да басты назарда ұстауды ескерткен болатын [4, 221 б.], сонымен қатар ғалым латынға көшуге ақпараттық технологиялар, жаһандану, компьютерге тәуелденген өмір ағымы да әсер етіп жатқандығын айтады [4, 219 б.].

Латын графикасын қабылдаған жағдайда нені ескеру керек, қандай алғышарттарды басты назарда ұстаған жөн, жоба құрамына алынатын таңбалар құрамы қандай болу керек деген тәрізді күрделі мәселелер төңірегінде ғалымдар Ә.Жүнісбек [5, 215 б.], Қ.Күдерінова [6, 222 б.], А.Фазылжановалардың [7, 233 б.] жарыққа шыққан ғылыми-теориялық зерттеулерінде аталмыш проблемаларды шешудің жолдары жан-жақты қарастырылған болатын.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Ресей империясының кирилл әрпін зорлықпен ендірген саясатынан жазудың белгілі бір халықты ұлттық болмыстан тұтастай айыруға әсер ететін мықты функциясы болғандығын көреміз. Орыстандырудың құрбаны болған қазақ халқының «ұлттық мәдениеті мен тілдік бірегейлігінен» айырылып қалуына әсер еткен тағы бір тарихи факторлар ретінде ғалым А.Фазылжанова мыналарды атап көрсетеді: «Бірегейлікті бұзу тек сыртқы саясат пен идеологияның әсерінен ғана емес, Қазақстанның территориясына репрессияланған басқа ұлт өкілдерін лек-легімен әкеп қоныстандыру арқылы да жүзеге асты. Егер бұған дейінгі кезеңде Қазақстан Ресейдің құрған мультимәдени қоғамының бір мүшесі болып, саяси тәуелсіздігінен айырылғанымен, өз тілдік, яғни ұлттық бірегейлігін сақтап отырған ел болса, тоталитарлық жүйе үстемдігінің салдарынан өз ішінде де бірнеше мәдениеттің орын алуымен келісуіне тура келді. Басқаша айтқанда, айрандай ұйып отырған қазақ өз елінде ділі, тілі бөлек басқа ұлттармен, басымы орыстармен бас қосып өмір сүруіне тура келді. Егер Патшалық Ресейдің тұсындағы орыстардың Қазақстан жерлеріне қоныс аударуы көбінесе шет жерлерді қамтыған болса, тоталитарлық Ресейдің тұсында ішкері аймақтарды толық қамтыды. Сондай-ақ бұл кезеңдегі қоныс тепкендер біз үлкен елдің тең дәрежедегі өкіліміз деген идеологиялық сенімде болды да, жергілікті ұлттардың тілін, мәдениетін үйренбек түгіл, өз тілін күштеп енгізуді құп көрді» [8].

Жоғарыдағы талдауларды түйіндегенде, қазақ елі үшін латын графикасына көшудің маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз екендігі көрінеді. Латын графикасын қабылдау арқылы осы жазуды қолданып жатқан түркітөкес мемлекеттермен ұлттық сәйкестілікті дамытуға, қазіргі жазуда орын алып отырған компьютерлік, интернеттік желілердегі қиындықтарды жеңуге, орын алып отырған орфографиялық, орфоэпиялық кемшіліктерді жоюға, терминологиялық, ономастикалық атаулардың ұлттық сипатын қалыптастыруға және құлдық психологиядан арылып ұлттық сананы қалыптастыруға оң ықпалын тигізері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Н.Уәлиұлы, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[2] Н.Уәлиұлы. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[3] Н.Уәлиұлы. Таңдау, талғау, саралау: қазақ әліпбиі латынға көше ме?. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[4] З.Базарбаева. Некоторые аспекты реформирования казахского алфавита на основе латинской графики. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[5] Ә.Жүнісбек. Латын таңбалы негізгі әліпбидің фонетикалық дәйектемесі. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[6] Қ.Күдерінова. Латын графикасына негізделген қазақ әліпби жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасының қорытындысы. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[7] Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова. Латын графикасына негізделген қазақ жаңа әліпби жобалары және олардың лингвистикалық сипаты. Кітапта: Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: Арыс, 2007. –410 бет.

[8] А.Фазылжанова. Мультимәдениеттілік және тілдік бірегейлік // Туған тіл. 2009, №1 (9).

Б.Абикеева

Евразийский технологический университет, к.ф.н., г.Алматы

**ФАКТОРЫ, КОТОРЫЕ ПОМОГЛИ ПОДТОЛКНУТЬ
СОВРЕМЕННЫЙ АЛФАВИТ К ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ**

Аннотация. В статье рассматриваются основные аспекты перехода казахского языка на латинскую графику и исследуются современная казахская письменность, основанная на фонетической системе русского языка, лексическая речь (русский, иностранный язык) не разработанная в соответствии со звуковой особенностью нашего языка и неудача казахских букв в Интернете.

Казахстан сможет войти в глобальное информационное пространство, не впадая в процесс глобализации через латинский алфавит. Известно, что информационные и коммуникационные технологии находятся на переднем крае глобализации, таких как Интернет, мобильные телефоны, цифровые технологии, электронные услуги, массовая компьютеризация и т. д. Интерпретация переводчиками включает в себя введение культурно-социальной (восстановление недостатков в письменной практике с новым алфавитом), лингвистической (предоставление новой системы письменности, которая четко идентифицирует звуковую систему нашего языка), экономическую (увеличение содержания казахского языка в мировой информационной системе), политическую (Пробуждение застойного национального самосознания), психологический (устранение стереотипа: «иностранные слова не следует изменять»), историческое (использование общих символов для модернизации братских отношений с тюркоязычными странами), педагогика (с учетом сложной системы алфавита из 42 букв), информационный (глобальный переход к универсальному алфавиту). В статье эти проблемы были широко проанализированы.

Ключевые слова: всемирный, информационный, технологический, глобализация, процесс, латинская графика, казахские буквы, звуковые особенности.